




ПИОНЕР



ДОС ЖҮРЕКТЕҢ

Хат алдым, достым, тағы да сенен хат алдым,
Сен мені ертіп Пекинге тағы апардың.
Көрсеттің маған қытайдың биік тауларын,
Көрсеттің маған ғажайып бақша-бауларын.

Өзенін көрдім, өз елін көрдім қытайдың,
Келемін саған, келемін әлі күт, айдын.
Шомылып мөлдір өзеннің терең жеріне,
Тосамын кеуде көктемнің самал лебіне.

Бақшасын көрем, бақтарын көрем мәуелі
Ерліктің елі, бақыттың елі, тау елі.
Хат алдым, достым, кеудеме қонды көгершін,
Осынау жайды өзің де сезген боларсың.

Сен де кеп менің өлкемді түгел көрерсің,
Көргенің жайлы жыр жазып маған берерсің.
Достықтың гүлін, бақыттың гүлін терерсің,
Шаттықтың күйін шалқыта келіп төгерсің.

Басылған кезі көңілді ғой бір нәсердің,
Нәп-нәзік қызыл шұғласын ғана төсер күн.
Осындай сезім бар менің бүгін кеудемде,
Арманшыл ұлы, еңбекшіл ұлы дос елдің.

Шаттыққа толы, өнерге толы тойыңда
Сыймас та гүлдер ып-ыстық болған қойыңға.
Көктемнің көркем шұғласынан нәр алған
Гүлдерден со бір осынау өлең жаралған.

Қабылда, мұны, ерліктің ұлы, жаз ұлы,
Өшірмес ешкім жүрекпен жазған жазуды.

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ.





ПИОНЕР

№ 10

ОКтябрь

1959 жыл

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті мен пионер ұйымы республикалық Советінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

Айына бір рет шығады.

Шығуына 21 жыл.

Чжао Ли-цзинь.

Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ.

АННОТАЦИЯ

Пекин өуе флоты институтында оқып жүрген Қытайдың жас ақыны Чжао Ли-цзинь «Пионер» журналына «Бақыттымын» атты ұзақ өлеңін жіберіпті. Бұл өлеңде ол өзінің ауыр азап шеккен балалық шағын, өз семьясы мен сол кездегі қоғамның өмірін суреттейді. 1945 жылы Жапонияның Шығыс-Оңтүстік Қытайдағы отаршыл армиясын талқандаған Совет Армиясының көмегімен бас бостандығына, жақсы өмірге қолы жеткендігін, көзіргі бақытты тұрмысын жырлайды. Өлең достық сезімге толы.

Қытай Халық Республикасының жарияланғанына 10 жыл толуына байланысты біз Чжао Ли-цзинь жолдастың өлеңін Қытай тілінен тікелей аударып жариялап отырмыз.

Балалық шағымды
сүйе алман,
Қасірет көлеңкесі —
түн түнек ол маған...
15 жыл өтті оған.
Қыстың түні еді ызғарлы,
Солтүстіктен
ақ боран соғады мұз-қарлы.
Жер үй мықшиған.
Шыны түбінде —
сықсима шам,
Өлеусіреген сарғылт жалын сәулесімен
Көремін
жүдеу әйел бейнесін мен:
Тақтай төсекте ышқынды,
таяныш жоқ басында,
Үрейлі шиеттей төрт бала
еңіреді қасында, үмітсіз жаутаң көздер
бақытсыз анаға қадалған.
Шыр еткен үн шықты кенеттен —
тағы да бір сәби келді
дүниеге қарғалған.
Ащы үні сәбидің ышқынған
Шошынғандай
төнген бір жауыздық сұсынан.
Балалы болу —
зор бақыт.
Бірақ ескі қоғамда
бермесін мұны кедейге,
Нәрестенің шырылдаған үні де
лағнат айтар сайқал өмір өгейге.

Төсек алдындағы еркек:
— Тағдырға шара жоқ, — деп
күрсінді.


Әйел еріне сүйенеді —
боп-боз жүзіндей өліктің.
Міне,
Мен
өстіп дүниеге келіппін.

* * *

Әке-шешем
помещикке құл болған ғұмырлық.
Екі қызы бес жасында
сол есікте өліпті.
Менің үш ағам
қыс ішінде
жөргексіз жер құндақта жан
беріпті.

Үлкен ағам
16 жасында
Әскерден қалам деп,
Кем болмай күнім қаран деп,
Бір саусағын шорт кесіп
өмірлік мүгедек болыпты.
Жауыз баоджандар!
Сонда да

¹ Баоджан — гоминданның ауыл биі.



Жұмысқа айдады сорлыны.
 Азапта
 қалған саусақтарынан да айырылған.
 Сонымен аяқталыпты
 жас өмірі шер-мұңлы.
 Сорлы анамыз да
 қасірет арқалап
 өтіпті өмірден.
 Ең кенже ағам —
 бесінші ағамның тағдыры
 Менің тағдырым сияқты;
 Үсіп өліпті
 көрмей-ақ
 жарық жалғанды, зар-мұңды.
 Я, мен дүниеге келіппін,
 Бәлкім сол үшін
 онан бақыттырақ болыппын.
 Мен туған соң
 анам сорлы
 бір уыс күрішке
 Бала тәрбиелеуге
 байға малай болыпты.
 Сонда менің анамның ақ сүтін
 «кішкене байлар» еміпті...
 Алты жасымда
 мен де
 «бай малайы» атандым.
 Сиыр бағып,
 өзім де мал сияқты күнелттім.
 Өрістен ерте келсем —
 таяғын жедім
 қара жауыз түнектің...
 Дунбэйге басып кірген
 жапондық отаршылар
 Менің қожайыным сияқтылардың
 жауыздығын қайрады,
 Біздің төбемізде
 қатер бұлты ойнады.
 Қып-қызыл оттар лаулады,

Күйкі баспаналар жалын жамылды,
 Қан — адам қаны ағылды...

* * *

Бір күні
 мені
 жазалаушылар¹ ұстап алды.
 Құлындағы даусымды құраққа шығарды,
 Есімнен тандырды.
 О, ғажап,
 бір құлағымды жұлып алып қалды.

* * *

Балалық шақ,
 Балалық шақ!
 Аянышты балалық шақ!
 Бақытсыз,
 сорлы,
 кедей балалық шақ!
 Кінәлі ме едің сен бұған,
 Жоқ па еді сенің
 бақыттан сыбағаң?!

* * *

Я, бар екен сыбағаң!
 Әкелді оны саған
 Советтік Қызыл Армия,
 Мәңгі бақытыңды
 алып келді армандаған!

* * *

Кім ұмытар ол сәтті:
 1945 жыл.
 Батыр
 Советтік Қызыл Армия
 Біздің сүйікті Дунбэйді азат етті.

¹ Революцияға қатыскандарды жазалайтын гоминданның әскери тобын айтады.



Кім ұмытар бұл сәтті,
Жыртық-шоқпыт жамылған,
Көзден жасы ағылған
Сорлы жандар
Құшты сүйіп
қызыл қырандарды.

* * *

Советтік Қызыл Армия,
Қызыл қырандар!
Сендер ғана
Чжао Ли-цзиньнің бақыты,
Тағдырымның тірегі,
Шаттыққа толған жүрегім...

* * *

Мен көзір
байлардан үстеммін.

Көзір менің інілерім
аналарының
мейірлі құшағында.
Қуанады
тәтті мамаларын құшады да.
Менің қасіретті аналарым
Көзір
нұрлы дүние құшағында.

Советтік Қызыл Армия,
Қызыл Армия!
Менің інілерім —
Жаңа Қытай жас ұрпағы
Көрмейді енді ғұмырда
Мен тартқан қасіретті.
Сенің арқанда
Жаңа өмір,
Жаңа ғасыр жетті!

Аударған Төлеужан Исмаилов.

КІТАПТЫҢ ДОСЫ

Манчжу әкімшілігін құлату жолында қырық жыл революция жасаған қытайдың атақты революционері Сун Чжун-сан кітап оқуға сонша құмар екен. Жұрт одан:

— Қашан көрсек те революциялық жұмыстан бас көтермейсіз, осы сіздің революциядан артық көретін дүниеніз бар ма? — деп сұрайды екен. Сонда Сун Чжун-сан оларға өте байсалды түрде:

— Революциядан артық көретін ештеңем де жоқ. Бірақ кітап оқуды онан кем көрмеймін, — деп жауап беріпті.

Расында, атақты революционер Сун Чжун-сан қайда барса да, мейлі тамақ ішсін, мейлі жиналыста отырсын, қолынан кітабын тастамайды екен. Тіпті, сапарға шыққанда да, жүгінің біразы кітап болады екен. Алғашқы қытай революциясы кезінде ажалды от ішінде жүріп те кітабын тастамапты.


Революцияның ауыр кезінде Сун Чжун-сан ағылшын жерінде болды. Бұл кезде оның тұрмысы өте ауыр, тіпті күнделікті тамақ ішетін қаржысы да қалмаған кездері болыпты. Революционерді мұндай тұрмыс азабынан құтқару үшін Англияда оқып жатқан қытай студенттері бір жолы оған өз қалталарынан ақша жинап береді.

«Революционердің хал-жайы қалай екен, білейік» деп бір күні студенттер Сун Чжун-санның үйіне келеді. Сырттан караған адамға үйде ешкім жоқ сияқты, жымжырт. Бірақ есік ашық. Студенттер сыпайлықпен кіруге рұқсат сұрап есік қағады, сонда да ешбір дыбыс білінбейді. Есікті үш-төрт рет қаққанда барып Сун Чжун-сан өзі шығып, студенттерді қабылдайды. Келсе, мұнда Сун Чжун-сан мырзаның жазу столы, жатар орнының бас-аяғы түгел кітапқа толып кетіпті. Өңшең жаңа кітаптар. Студенттер бұған қызығып:

— Сун Чжун-сан мырза, мына кітаптарды қайдан алдыңыз, кітап аларлық сіздің көп ақшаңыз жоқ еді ғой, — деп сұрайды. Сонда Сун Чжун-сан мырза осы сұрақты қойған студенттің арқасынан қағып тұрып, жылы жүзбен былай деп жауап беріпті:

— Әлі де кедеймін. Бірақ, өнеугі сендер берген ақша кітап алуға жарады. Бірер күн тамақ ішпесем де қарным ашатын емес. Ал, неге екенін білмеймін, бір күн кітап оқымасам әлде бір нәрсемді жоғалтқандай қарным ашып, өле жаздаймын.

Қытайшадан аударған А. Сағаев.



КҰРПИЯ

Әңгіме

Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ.

Соңғы бірнеше күннен бері мен үйде үлкен бір іспен айналысып жүрмін.

Не істеп жүргенімді білгің келе ме? Егер айтсам, сен таң қалып, төбең көкке тигенше секірес едің. Мен Отанымыздың Бірінші автомобиль заводына арнап автомобиль моделін жасап жүрмін.

Иә, иә, таң қалмасаң да болады! Шынымды айтсам, мен автомобиль заводында істейтін бірде-бір адамды білмеймін. Өзім де автомобиль жағында не жұмысшы, не бір маман боп істемеймін, тек бар болғаны, орта мектептің екінші сатысының бірінші кластағы оқушысымын. Модель жасату үшін мені кім іздеп жүрмекші? Әрине, бұл менің өз ойым, оның мәнісін қазір мен саған айтып беремін.

Отрядтан шығатын қабырға газетінен мен Бірінші автомобиль заводы құрылысының басталғанын және бірнеше жылдан кейін оның әртүрлі маркалы автомобильдер жасап шығатынын білдім. Сол-ақ екен, мен: «Е, тәйірі-ай, бұл ұзақ уақыт емес қой, ертең-ақ қалада көлік атаулы құрып, барлық жерде жаңа автобустар жүреді екен» — деп ойладым. Онымен қайда барғың келсе, сонда жетіп барасың! Адамның аһ-уһ деп ыңкылдап жүк артып сүйрететін арбасы да бұдан кейін адыра қалады. Жүгінді қайда апар десен, жүк машиналары сонда жеткізіп салады. Шамасы, әр мектептің де өз машинасы болатын шығар, олай болса, үйлері алыста тұратын балалар да мектепке жаяу бармайды... «Ғажап емес пе!» — деп қуанышым қойныма симайды.

Бірақ та, іле маған тағы да бір ой келді: «Құр қуаныштан ғой осы не пайда. Одан да автомобиль заводындағы құрылысшыларға хат жазып, олардың қамын ойлап жүргенімді айтсам қайтеді?»

Жоқ, бұл да болмайды екен. Қол шеберлігі жайындағы сабақтардан мен жа-

ман емеспін, әлде нелер жасауды, дүрбі ме керек, проекциялық фонарь ма керек, неші болсын, жасай алатынымды өзің де білесің ғой. Сондықтан, автомобильдің моделін жасап, оларға неге жібермеске деп ойладым. Сөйтіп, мен дереу іске кірісіп, жүк машинасының моделін жасаумен айналыстым.

Бірақ та, сен мұны тірі жанға айтпаймын деп уәде бер. Менің звеномдағы балаларға ештеңе айтпа. Оларға ләммим демеске мен өзіме өзім ант еттім... Мен олардың сынап-мінегенін жаратпаймын!..

Кәнекей, өзің айтшы! Өткен аптада біздің звеномың жиыны болмақшы еді. Звено бастығы маған айқындап тұрып: «Сағат екінің кезінде Халық паркінің есік алдына жиналамыз» деді. Мен дәл айтқан уақытында келіп, күттім-күттім, бірақ сағат төртке дейін ол жерге бір адам келмеді. Жарайды, ендеше. Ертеңінде, сол үшін балаларды бір қолға алайын деп ойлағаным сол еді, олардың маған тап бермесі бар ма: «Сен кеше Сунь Ят-сен атындағы паркке неге келмедің? Бұдан былай саған қалай сенуге болады!» — деп жапатармағай сынамасың ба кеп. Бұған ашуланбағанда қайтерсің!

«Біз Халық паркінің алдында кездесеміз деп келіскен жоқ па едік?» дедім мен оларға. Ал, олар өздері кінәлі бола тұрып, соны мойындамай өлермен болды. Айтатындары бір-ақ сөз — Сунь Ят-сен атындағы паркке жиналмақшы болдық, бітті! «Бәрі дұрыс естіпті, жалғыз-ақ сен шатасыпсың. Жүрдім-бардым тыңдағансың!» деді. Менің аузымды ашуға мұршамды келтірмеді. Мен ашуланып, шығып кеттім.

Егерде, жалғыз осы ғана болса, мен көпке шейін ашуланып жүрмес те едім ғой. Бірақ, қырсыққандай, өткен сенбіде тағы да бір қолайсыз жағдай болды. Ол күні мен, түстен кейін, спорт алаңында доп ойнап жүр едім. Кенет, звено бастығы өзінің көмекшісімен қол ұстасып, сөйлесіп келе жатыр екен:

— Ертең, егер де жаңбыр болса, бармаймыз. Жарай ма?

— Жарайды,— деді екіншісі.

Олар мені байқап қалды да, қасыма келген соң, звено бастығы:

— Сюй Сяо-хуа, ертең таңертең сағат онда біздің звено пионер үйіне барады. Сенің есіңнен шығып кетіп жүрмесің! — деді.

— Құп болады! — деп жауап беруін берсем де, өзім ішімнен: «Егерде, жауын болса, бармаймыз деп олар маған неге айтпады?» деп ойладым.

Ертеңінде, дегендей-ақ жаңбыр жауды, сағат онға дейін басылмады; ендеше, пионер үйіне барудың керегі жоқ шығар — звено бастығы көмекшісімен осылай келіспеп пе еді,— деп ойладым. Сөйттім де, апамнан ақша алып, таңертең болатын киноға бардым. Тағы да қолайсыз жағдайға қаларымды кім білген! Дүйсенбі күні, мектепке келсем, балалар тағы да менің жағамнан алмасы бар ма.

— Пионер үйіне сен неге келмей қалдың? — деп алдымен звено бастығы сұрады.

— О не деген сөз? — дедім мен таң қалып.— Сен көмекшің екеуің, егерде, жауын болса, бармаймыз деп келіскен жоқ па едіңдер?

— Бұндай сөз біздің аузымыздан шыққан жоқ. Сен тағы да қақас естігенсің ғой! — деді звено бастығының көмекшісі.

Сол-ақ екен, мен теріме сыймай ашуланып:

— Қойыңдар, сендер біреуге жала жаппай! Сендердің жаңбыр туралы сөздеріңді мына өз құлағыммен айдан айқын естідім, — дедім.

Олар тіпті бет бақтырмады.

— Ә-ә, жаңбыр дейсің бе? Біз онда мүлде басқа нәрсені айтқанбыз, оның пионер үйіне, тіпті ешқандай қатынасы жоқ,— деді.

Ал, звено бастығының көмекшісі:

— Біз жауынға карамастан, пионер үйіне өзіміз-ақ келдік. Сен келмей қалсын деп айтатын не ақымыз бар? — деп қосарланды.

Содан кейін, айқай басталды дейсің, құлақ түруге болмады.

— Сюй Сяо-хуа қатып түсті! — деп дауыстады біреуі.

— Өткен жолы да өзі шатасып, біздің сөзімізді керек қылмап еді, тағы да сөйтіп отыр! — деп айқай салды екінші біреу.

Не керек, өздері өмірі кателеспейтін, керемет адам болғансып, бәрі бірдей мені кінәлай бастады. Егерде, звено бастығы мен көмекшісінің жаңбыр жайындағы сөздерін

естімегенде, менің бұлай істемейтінімді біле тұрсада, білмегенсіді.

Міне, осы екі оқиғадан кейін, мен өзіміздің звено туралы басқа ойда болдым... Мені жаман пионер деп есептейді екен? Мейлі! Енді соларсыз да күн көрермін. Өзімнің құпиясырымды оларға ешқашанда ақтармаспын. Сен де байқа, менің құпиямды біреуге ашып қойма.

2

Модель жасау жұмысын ойдағыдай жүргіздім. Қатырма қағаздан машинаның кабинасы мен кузовын желімдеп жасап, алдына фарын да қондырып қойдым. Дөңгелектерін кигізу ғана қалды. Мұны қойшы, оп-оңай. Ескі-құсқы жинаушылардың бірінің алдында тәп-тәуір төрт дөңгелек тұрғанын көзім шалған. Соны сатып аламын да, жөндеп жасаймын, міне, сонымен бітті.

Бірақ... тап қазір оны мен сатып ала алмайды екенмін. Ақшамды санап көрсем, оған жетпейді. Келесі сенбіге дейін аялдай тұру керек.

Бәрінен де, әйтеуір, менің осы құпиямды звенодағы балалардың әлі де білмегені жақсы. Қеше звено бастығы ойда-жоқта менен:

— Сюй Сяо-хуа, соңғы кезде сен неғып күн сайын сабақ бітісімен үйіне кетуге асығасың? Үйде әлде бірдеңе істеп жүрсің бе? — деп сұрады.

— Не істесем де өзім білем, сенің шаруаң жоқ қой! Менің ісімнің саған ешқандай қажеті де жоқ,— деп жауап бердім мен оған.

— Әшейін, тек білейін деп ем. Егер, қиын болса, біз жәрдемдескен де болар едік, — деді звено бастығы менің бұл сөзіме.

— Рахмет! — дедім мен.— Маған сендердің көмектеріңнің керегі жоқ, өзім де жетем.

Бұдан кейін, ол енді не десін?

Әрине, менің олардан жасырып жүк машинасын жасап жатқанымды білсе, оның маған ұрсатыны сөзсіз еді!

3

Сенбі де болды. Өз жобам бойынша, автомобилімнің нұсқасы жасалып бітуі керек.



Қуанбасқа болмайды! Бірақ, амалым қанша, мен кенеттен тағы да қиындыққа тап болдым, ойлаған ойымның бәрі зая кетті. Түстен кейін машинамыңның кабинасы мен кузовын қағазбен желімдеп, желге тиіп кепсін дедім де, столдың үстіне қойдым. Сөйттім де, осы жетіде жинаған бар ақшамды алып, дөңгелек сатып алмақ боп шығып кеттім. Бірақ, жүгіре басып ескі-құсқы жинаушының дүкеніне келсем, баяғы төрт дөңгелек алдынан көрінбеді. «Кештеу келдің,— деді маған дүкеннің алдында тұрған ағай,— Кеше ғана біреулер сатып әкетті. Осы өзің сияқты, мойындарына қызыл галстук таққан балалар. Модель ме, бірдеңе жасап жатырмыз деді». Үстіме бір шелек мұздай су құйып жібергендей, қатып тұрдым да қалдым. Қырсыққанда, сәгі болмайын десе, болмайды екен ғой!

Бұл-бұл ма, бұдан да сорақысы кейін болды. Оны үйге қайтып келген соң көрдім. Бөлмемнің есігі ашық, іштен біреулердің қуанып: «Ха-ха-ха!» деп қарқылдап, «Хи-хи-хи!» деп шикылдап күлген дауыстары естілді. Інішегімнің үйге жолдастарын ертіп келгені белгілі болды. Енді менің модельмен ойнауы ғана қалып еді олардың! «Автомобилы! Соқтықпандар оған!..» деп

ҚЫТАЙЛЫҚ ДОСҚА

Қатар жүрсе түрі бір,
Қара торы өзімдей.
Күлімдеген нұры бір,
Көзі сенің көзіңдей.

Жүзі жарқын, жып-жылы,
Мүлдем ұмыт менмендік.
Киім қандай жұпыны —
Көз тойдырған көркемдік!

Ерінбейтін елгезек,
Епті қолы, мәтқақам.
Кісідей бір ересек,
Іс тындырмай жатпаған.

Болса да алыс арамыз,
Ет жақынбыз онымен.
Досқа талай барамыз
Жаңа «Достық жолымен».

Уақыт алда Пекинге
Туысты іздеп баратын.
Дос көп жердің бетінде,
Бірге әнге салатын.

Мұзафар Әлімбаев.

бөлмеге айқайлап жүгіре кірдім, бірақ амал қанша, кеш келіп қаппын. Әлі бітпеген машина моделіне жіп тағып алып інім оны бөлме ішінде дырылдатып сүйретіп жүр.

Машина зыр-зыр етеді. Ал, көршіміздің Ван деген кішкентай қызы төр жақта менің пеналимды ұстап, олай-бұлай бұлғалап тұр, шамасы, жол нұсқаушы — милиционер болғандағысы ғой деймін. Қабырғаға таяу тұрған тағы да алты-жеті кішкентай балалар бар. Олар қолдарын шапалақтап, айқайлап, шулап, өлең айттып тұр. Не керек олар менің інім мен жаңағы қыздың істеген істеріне мәз-мәйрам. Мені көруі-ақ мұң екен, олар зәресі ұшып, жан-жаққа тым-тырақай қашты.

Сен олардың бөлмеде не істегенін көрсен! Қарындаш, өшіргіш, қағаз дегендерін кез келген жерде шашылып жатыр. Ал, менің модельім, машинаның тіпті бітіп тұрған модельі адам көргісіз боп бұзылып біткен. Қатырма қағаздары уқаланып-уқаланып, жыртылған. Іске алғысыз боп қалыпты! Фары ұшты-күйді жоқ. Қалта фонарымның сондай жақсы лампалары еді! Біреуін әрең дегенде столдың астынан тауып алып едім, оның өзі де аяққа басылып сынып қапты... Ал, саған, модель жасаған керек болса! Оңбағандар, мені әбден құртты!

(Жалғасы бар.)



СӘКЕН

Ала

Суреттерін салған Р. ЮЛДАШЕВ.

Повесть

(Жалғасы. Басы журналымыздың
8-9-сандарында).

Бәленің басы «боқ жеме» ғой, міне осындай ойыннан от шығып үлкен төбелес болды. Әлуетті Сейфулла сол төбелеске сыбанып

кірмей, Сәкенін жетелеп, шеттеп кетіп қалды. Сүйекке таласып қотанда қырқысқан төбеттерді талай көрген Сәкен мына сойылдасудың мәнісін байыптап, жалғыз-ақ Еркексарының басы жарылып, Кәкеннің бетіне таңба түскенде ғана Сәкен, «Сірә, тегін емес-ау!» — деп болжады. Содан бері бай ағайындарының үйіне қымызға баруды Сейфулла пышақ кескендей доғарды. Міне, сол қырғын жорықта болыспады деп Кәкеннің жүрегіне қан қатты. «Әкесі мен екеуі жабылып мені шауып алсын» — деп күшін білемдеген Кәкен, молдасына бұйыра сөйлеп: «Тіліңді алмаса, жақсылықты білмесе, қуып жібер өзін», — деп шіренген еді. Сол сөз жас Сәкеннің жүрегіне шаншудай қадалып, беріш болып қатты. Енді қайтып молдаға баруға беттемеді. Әкесі мен шешесіне де тіс аспады.

Сейфулланың өз сыбағасы өзіне жеткілікті, бай туысқандарының не себепті дүрдіараз екенін ол түсінеді... Кеуделеріне нан пісіп, көрінгенге қоқақтап, әсіресе нашарға зорлық-зомбылық көрсетуін жақтырмады. Оларға: жандайшап, қолшоқпары болғысы келмеді, іргесін бөлек салды. Баласын да молдаға бар деп енді қыспады.

Күйеуінің де, баласының да ішкі ойын Жамал айтпай таныды, құдалап еш нәрсені сұрамады, өйткені «ұзын құлақ», «жаяу почта» ауыл арасындағы өсек-аянды бүркемеді, өсіріп-өркендете берді.

Сол жылы Нілдіде тас қазып, жұмыс істеп жүрген жас Матайды қасына ертіп Дүкеннің Сәдені келді. Сәден отызды қусырып жүр, Матай жиырмаға келіп қалған. Бұларды жұрт: «қалша Сәден, қиқар Матай» деседі. Нілдіге барғаннан бері Матайдың киімдері ықшамданып қалған еді. Бұрынғы қорбиып тұратын ақ тонын тастаған, түлеп шығыпты, оның орнына қызыл ала ләңкемен тыстаған, мақта бидайлы, астары көк ала, сантоп шолақ бешпентше киіпті. Кескіні де бозғыл тартып, ысыяған тәрізді.

Кешке таман Сейфулла домбыра шертті. Сәкен домбыраны жақсы көретін, үйреніп жүрген кезі.



Сегіз пернелі ақ домбыра безілдей жөнелді. «Саржайлау» тартылғанда, ауыл жымжырт болды. Күйікті күй сарнап кетті, сардаланы тебіrentті. Он саусақ домбыраның бетінде қырық құбылып құйқылжыды: біреуі пернені басқанда, екінші саусақ шекті шертті, ышқына шыққан зарлы әуен жүректі шымшыды. Бұл күй жайлауда отырған ауылды елестетті. Қойын маңыратып, қозысын жамыратып жатыр; түйе боздап, сиыр мөңіреп, жылқы кісінеп — айнала әуенге бөленген мезгілді бейнеледі.

Ауыл жиналып қалды. Сәден мен Матай да осында келді. Сейфулла азырақ мүдірді де, енді «Сылқылдаққа» басты. Міне, енді қалың ел жайлау таласа көшті. Біресе сау аяндап, біресе бүлкілдете желіп, ауыл-ауылдың тіркескен көші иін тіресіп бәсекеге түсті. Жүгі ауған түйені ат үстінен аудара басады, көш аялдамайды, асығыс, шөбі шүйгін, суаты жайлы жер бұрын жеткен ауылдікі... Тәтімбеттің «Сылқылдағы» осылай естіледі. Арқаның осы екі күйі еңсені бірде басып, бірде көтеріп отырады.

Басын салбыратып, ұйып қалған Ұйтқыбек: «Пау, шіркін-ай!» — деп домбырашы Сейфуллаға ырзалығын білдірді, емірене қарады.

— Енді күйді қойып, бір ән тартыңызшы, балалар қосылып өлең айтсын, — деді Жа-

мал оң тізесінде жатқан екі жасар Халиманың кекілін сипай отырып. Жүректі ұйтқытып, жүйкені қытықтаған күй әсері ән салынса айығады, соны тіледі білем.

Домбыраның құлағын бұрап, дыңғылдата шертіп, Сейфулла дыбысын тыңдап отыр. Тиегін кейін сырып, бетіне бүрке түкірді де, әлгі тиекті қайта орнына апарып қойды. Күйден әнге аударды. «Балқадиша» сұңқылдай жөнелді.

«Әу, өй» — деп тамағын кенеп, даусын бір көтеріп алды да, Матай домбыраға қосыла кетті.

Деген соң бал Қадиша, бал Қадиша,
Өзенді өрлей біткен, шіркін-ай, тал Қадиша,
Бір түгіл екі жеңгең келіп отыр,
Ұлықсат енді бізден, шіркін-ай, бар Қадиша,
а-а-а-а, — деп аяғын созып келіп тоқтады да,
сол әнге салып, даусын шырқата тағы көтерді.

Дүние ауыр екен үрген қуық,
Көтердім жалғыз өзім, шіркін-ай, аузын
буып,
Шыбынға — қара шіркей арба салдым.

Көрмедім ондай мықты, шіркін-ай, өзім
туып.. а-а-а — деді. Жұрт даурыға күлді, сергіп қалды. «Ой, пәле-ай» десті.

Сәкен де жымыып күліп отыр, әкесіне «осыны тарта беріңіз», — дегендей жайдары қарады. Сейфулла ажарланып кетуші еді. Матай әлгі әнін енді екілене шырқады.

Әділ жан маса деген пақыр екен,
Имансыз сона деген, шіркін-ай, кәпір екен,
Үйіне инеліктің кіріп барсам,
Ас беріп әкесіне, шіркін-ай, жатыр екен
— а-а-а — деп бәсеңдетіп барып бітірді,
жұрт өтірік өлеңді естіп біраз серпілісіп қалды.

Ауыл үйдің кісілері бірте-бірте тарап кетті.

Сәден мен Матай сол күні түнде Сәкенмен дербес әңгімелесті. Үшеуі ауылдың сыртында отыр.

— Енді молдадан оқымайтын болсаң, босқа жүресің бе? Жүр, біз оқуға түсірейік. Нілдіде оқып жүрген балалар көп, — деді Сәден.

— Әкесі жібермес, шоқынып кетеді деп қорқады ғой, — деді Матай.

— Байдың баласы Ақай тілмаштан орысша оқиды, ол шоқынбайды, сонда Сәкен шоқынбақ па? Осындай балалар оқып жүр ғой, — деп Матайдың бетін қайырып тастады Сәден.

— Сәден, сен дұрыс айтасың, бірақ Сейфекеңнен қорқам, жібермейді ғой, әйтпесе орысша оқыған қазақтар Нілдіні билеп жүр.

Өзің де көріп жүрген жоқсың ба? Болыстың өзін де тілмашы билейді. Әлі көрерсің, біраздан кейін орысша оқыған болыс болады,— деді Матай. Соңғы сөзін нығыз айтты.

Сәкен қобалжыды. «Өзім болыс болсам, мыналардың басына әңгір таяқ ойнатсам» — деген түйінге тірелді. «Тіпті тілмаш болсам да қор бола қоймаспын-ау»,— дегендей ойға түсті бала Сәкен. «Мыналар» дегенде көз алдына күбішекттей болып Кәкен келе қалды.

— Мен Нилдіге барам,— деп айтып салды.

— Егер, жібермесе қайтесің? — деп қайрады Сәден.

— Жібермесе, қашып кетем, бірақ жібереді, апам жібертеді,— деп Сәкен шешесіне паналай сөйледі.

5.

Сәден мен Матай ырдуанға түйе жегіп жүргелі жатыр. Сәкен бірге кетпек, қастарынан шықпайды.

— Сәкенімнің бетін қайтармаңызшы, барсын, ағайынның қорлығын біз-ақ көрейік,— деді Жамал. Қамығып айтты, бірақ босап отырған жоқ, ындыны қатаң, дыбысы ширақ шықты.

— Молдадан боса да оқымады, бекер-ақ болды-ау,— деп толғанды Сейфулла.

Мұсылманша молдадан оқымай Сәкен Нилдіге орысша оқуға кетсе, «баласын шоқындырды Сейфулла» — демес пе жұрт? Осы ой қинап отыр.

Рас, пәленің басы сол мұсылманша оқудан басталды. Жаман нәрсе жақсыны аңсатты. Үш жыл оқып, білімге аса жарымаса да, бірдеңені үйренуге жаттықты. Беттің ашылуына соқырқай себеп болды. Бұл жәйтті Сейфулла саралап түсінген жоқ, сонда да әлде неге қобалжығандай ойда отыр.

— Жамал, сенің сөзің дұрыс қой, бірақ арты қалай болады? — деп хауіптене сөйледі Сейфулла.

— Жұрттан қорқып отырсыз ба? Не десе о десін, Сәкеніңіз ақты-қараны таныды, зердесінде бар болса бұзылмас, бетін қайырмаңыз,— деп ойын бір түйіп тастады да: — бірақ, енді түйеге мінгестіріп жаяу жібересіз бе? — деп Сейфулланың көңілін басқа жаққа қарай аударып сөйледі Жамал. Жіберу мәселесі біткен тәрізді, енді мініп баратын көліктің ғана қамын ойла дегендей төндіре айтты.

— Кім ат берер дейсің?! — деп дағдарды Сейфулла.

— Ділмар қайнағаға барсаңыз қайтеді, алды-артын ойлайтын адам еді, беріп қа-

лар,— деп емексіте сөйледі. Әйелінің осы сөзіне ұйығандай болды.

— Ендеше, айта ғой Сәденге, тұра тұрсын. Мен Битабарға барып келейін,— деді де Сейфулла жүгіре басып жүріп кетті.

Әлден уақытта онжұрғасы түсіп қайтып келді де:

— Тәңірінің жазғаны осы шығар, тірі жүрсем осының бір қарымжысын қайтарармын, әлі...— осылай назаланған Сейфулла Сәкенді қасына шақырып алды. Ыза қысып көзінен жас та шығып кетті. Жамал теріс айналды. Босағанын білдірмеді.

— Сәден, Матай екеуіңе тапсырдым, өзім де жақында барып қалармын, жолдарың болсын,— деді Сейфулла.

— Бөтен елде біреуден таяқ жеп қалмасын балапаным, бас-көз болындар,— деп Сәкенді тамағынан аймалап иіскелеп сүйді де, көзіне Жамал жас алмады.

Ырдуанға жеккен түйелі көлікке мінгесіп, ұшқасып үшеуі жүріп кетті.

(Жалғасы бар)



ЕТТІҢ ДӘМІ ҮШІН... ҚЫЛЫШТЫҢ ШЫҢЫЛЫ

Тибет халқының ертегісі

Ертеде екі жарлы дос болып өмір сүріпті. Бірінің аты Чуепаг, екіншісінің аты Янпэ болса керек. Олар қайғыға да, қуанышқа да өзара ортақ екен. Жұрт оларды бірге туған туыстардан да тату тұрады деседі екен.

Бір күні Янпэ ауырып қалады. Оның есілдерті қойдың етін жесем екен дейді. Бірақ, мұнысын шешесіне айтуға батпады: Өйткені, үй ішінде бір түйір дән де жоқ еді. Сондықтан, қой етін алуға пұлдың жоқтығы өз-өзінен белгілі ғой. Алайда, ол өзінің нені жеуді аңсағанын досына айтқан еді.

Чуепаг байдың малын бағушы еді. Ол оған күн-түн демей қызмет етті, бірақ аштықтан арылмады. Қожасы малға не берсе, бұған да соны берді.

Янпэнің қой етін жегісі келетінін білгеннен бері Чуепаг тыным таппады. Бір нәрсе көкейінен өмірі кетпейтін болды. Үйінде ақшадан соқыр тиыны да жоқ адам досына қайдан жәрдемдессін?

Чуепаг мал жайып кешке қайтқан сайын әрдайым қожасының асханасынан қуырылып жатқан мол етті көретін. Ол еріксіз аялдап: «қой етін қалай табуға болар екен? Қожасынан сұраса қайтеді? Жоқ, одан қайырым күтуге болмайды!» — деп ойлайтын.

Сөйтіп әрдәйім не істерін білмей, асханадан күрсіне шығатын.

Қожасының әлде неге күдіктеніп, бір кесірге ұшырататынын ақкөңіл Чуепаг қайдан білсін...

Бір күні қожасы әйеліне былай деді:

— Осы Чуепаг не деген сұғанақ өзі! Біздің етті көрсе болғаны, сұқтана қалады. Сол үшін, оның сазайын қалай берсек екен?

— Ақымақ, басың істемейді! — деп ұрысты әйелі күйеуіне, — Ол бізге аяғының ұшынан жүріп қызмет ету үшін бүйту керек...

Ол өзінің не ойлағанын түгел ерінің құлағына сыбырлап айтты. Қожасы Чуепагты өзіне шақырып алды...

— Ал қалай! сен өзіңнің кінәңді мойындайсың ба? — деп ол әңгімесін қатал бастады. — Сен менің асханамның төңірегінде күн сайын сұқтанасың да жүресің. Иіскелеп, тіміскелеп жүріп, міне сен менің қойымның етінің барлық дәмін көтірдің. Саған үш күн мұрсат беремін. Егер, сен менің етімнің дәмін қайырмасаң, онда өзіңнің айыбыңды он

күміс лян төлеп, сатып аласың! Түсінікті ме! Бар жүре бер!

Чуепаг бірдеңе айтуға оқталып еді, бірақ қожаның малайы оны жер-жебіріне жете сөгіп, көшеге итеріп шығарып жіберді. Чуепаг үйіне ренжіп қайтты. Мұны білген шешесі де жылап жіберді. Чуепаг өзінің бұл ауыр халін досына айтып, онымен ақылдаспақшы боп келді.

Чуепагты тыңдап болғаннан кейін:

— Жарайды, ендеше олар менен келіп алсын, — деді Янпэ күлімсіреп.

Чуепаг досының сөзіне сенбеді. Ол Янпэ семьясының кем-тар тұратынын жақсы білетін еді. Оларға ақша қайдан келген? Алайда, Янпэнің қобалжымай шын айтқан сөзін көрді де, бұл сөздерді қожасына айтты.

Ол мұндай жауапқа таңданып қалды. Янпэге тұтас он күміс лян қайдан келді? Алайда, сараңдығы оның ақыл-ойын билеп кетті. Әйелі ақшаны алу керек деп безек қақты.

Сөйтіп, әйелін ертіп Янпэге келді. Ал олардың соңынан ізінше, үй қожасының артынан ерген күшікше, қамшысын қолына ұстап, оның малайы да жүрді.

Міне, олар Янпэге де келді. Қожа одан күміс талап етті. Янпэ жастығының астынан қылышын суырып алып, еденге лақтырып жіберді.

— Мұның не бүлікші?! — деп зәресі кеткен қожайын айқайлап жіберді. Бірақ, Янпэ байсалдылықпен күлімсіреп:

— Сіз менің қылышымның даусын естідіңіз бе? — деді. Соны айтып, ол қылышын көтеріп алып, тағы да еденге лақтырып жіберді. — Қылышым бастапқы лақтырғанда өте бір сүйкімді дауыс шығарып еді. Бірақ, сіз тыңдағаннан кейін оның алғашқы дауысындай дауыс болмады. Соны маған қайтарыңыз. Әйтпесе, Чуепаг сізге күміс бермейді!

Сонымен, үй қожасының жағы қарысты. Ол қатты қысылып қалып еді, бірақ, әйелі жөн тауып кетті.

— Жүр, тезірек үйге кетейік! — деді әйелі.

Сөйтіп, олар кете барды. Янпэ шаттана күлді. Тіпті, оның ауруы да жазылып кетті.

Аударған А. Өрбісінов.

ҚЫТАЙ ЮМОРЛАРЫ

ҰРЛЫҚШЫ

Тауық ұрлайтын бір ұры болыпты. Ол әр дайым көршілерінің тауығын ұрлап маза бермейді екен. Күніне бір тауық ұрламаса көңілі көншімейтін болты. Көршілері бір күні оған:

— Ұрлық деген жақсы әдет емес қой. Сен неге мұнша суық қолсың, онан да тәубаңа келіп, адал еңбек етсеңші, — деп ақыл айтты. Сонда әлгі ұры жайымен:

— Ұрлықтың жақсы емес екенін өзім де білемін. Бірақ жұрт «ауру қалса да, әдет қалмайды», — дейді ғой. Маған осы әдет болып кетіпті. Әлімнің келгенінше сендердің тілдеріңді алып, бұрынғы әдетімді өзгертіп көрейін. Бұрын күніне бір тауық ұрласам, енді айына біреу ғана ұрлайыншы, — деген екен.

Міне қызық, ұрлықтың жаман екенін білгенде, одан арылудың жақсы екенін неге білмеді екен?

БІРІ АЛАСА, БІРІ БИІК

Бір адам ботинкасын жаңылыс киіп алыпты. Көшеге шыққан соң бір жағының аласа, бір жағының биік екенін сезеді. „Әке-ау, жол қисық па, жоқ менің бір аяғым ұзарып кеткен бе“ — деп аяғына қайта-қайта қарайды. Бірақ ештемені байқамайды. Бәрі өзінше дұрыс сияқты көрінеді. Мұны көрген жұрт күліп:

— Ақсақал, ботинқаңызды жаңылыс киген көрінесіз, дереу үйіңізге қайтып, ауыстырып алыңыз, — деп ескертеді. Әлгі адам үйіне келеді де, ботинкасын ауыстырмасаң қайта көшеге шығып, өзіне ескерткен адамдарға:

— Жоқ, мен жаңылыс кимеппін. Өйткені, үйдегі ботинкамның да бірі биік, бірі аласа екен депті.



„ҚАСҚЫР СИЯҚТЫ БОЛҒАНЫҢА ШҮКІР“

Екі кісі бір дастарханда тамақ жеп отыр. Біреуі өз алдындағы гарнирді жемей, ылғи ортаға қойылған ортақ қуырдақты соға беріпті. Сөйтіп, гарнирге қуырдақ қалдырмапты. Екінші кісі бұған наразы болып:

— Сен немене сонша, әлдекімше... Ашығып келдің бе, — дейді. Сонда бірінші кісі оған жайымен:

— Әлдекімше емес, тамақ жегенде қасқырша жеу керек қой, — дейді.

— Ендеше сенің қасқыр болғаныңа да шүкір, егер жолбарыс болсаң мені де жеп қоярсың, — деп тұрып кетіпті екінші кісі

Аударған С. Ертісов.

ҚЫТАЙДЫҢ МАҚАЛ — МӘТЕЛДЕРІНЕН

Бабаның еккен ағашы балаға сая.

*

Тілегі бірлер тауды орнынан көшірер.

*

Жас бала жалған ауырмайды.

Ұзақ сапар алғашқы қадамнан басталады.

Майдағы жаңбыр майдан да қымбат.

Татымды ісімен сөйлейді.

Татымсыз тілінің ұшымен сөйлейді.

Атан арам қатса да аттан үлкен.

Сыпайы адам досының көлеңкесін баспайды.

Аударған Мәлім.

Мұнара КРАН



Менің әкем мұнара кранның машинисі болып жұмыс істейді. Бастапқыда оның істеген жері алыс, қаланың бір жақ шетінде болатын. Ал, соңғы кезде, біздің үйіміздің дәл жанынан мектеп салына бастады да, әкемді соған жұмысқа жіберді. Бұған, әрине, әкем де қуанған болар, бірақ бәрінен бұрын мен қатты қуандым. „Кранның кабинасына кіріп, ішін түгелдей енді аралап шығатын шығармын“ деп ойладым. Өйткені, жолдастарымнан қарадай ұялып біттім: Әкем машинист болып істейді, ал мен оның краны туралы бір ауыз да сөз айта алмаймын. Кранның өзін тек анадайдан ғана көрдім. Әбден ойлап қарасам осының өзі тіпті ұят екен.

Суреттерін салған
Р. ЮЛДАШЕВ.

Бір күні, әкем көңілденіп отырған кезінде, мені жұмысына ертіп апарып, кранды көрсетуін өтіндім.

— Мынаның ойын қара, — деп күлді әкем. Сөйтті де, сәлден кейін, — Жарайды, кранның қалай жұмыс істейтінін саған мен көрсетейін, — деді. — Сөз жоқ, көрсетемін, — деді тағы да артынан.

Арада әлденеше күн өтті. Әкем үндемейді. Соған қарап, ол өзінің уәдесін ұмытқан шығар деп ойладым. Бірақ, әйтеуір ұмытқан жоқ екен. Бір күні кешке таман:

— Сашенька, сен өзіңнің әнеугі сөзіңнен айнып қалған жоқсың ба? Биікте тұрып қаланы көресің бе? — деп сұрады.

— Биігі несі? — деп түсінбей қалдым.

— Әй, аңқауым-ай, — деді әкем. — Мұнара кранда тұрып төменге қарайсың ба дегенім емес пе. Бірақта, ерте тұру керек. Ұйықтап қалмайсың ба? — деп сұрады.

— Жок, — дедім.

Мен дегенің түні бойы көз ілмеске бармын, тек кранға алып барса болғаны. Айтқандай-ақ ұйықтап қалғаным жоқ.

Таңертең, иығыма әкемнің қолы тие беруі мүң екен орнымнан атып тұрдым. Көзді ашып, жұмғанша болмай, ілезде-ақ киініп дайын болдым.

— Жарайсың, — деді әкем мені мақтап, — әскерше ілезде киіндің.

Біз құрылысқа келген кезде әлі уақыт таңертеңгі сегіз де болмаған еді. Мұнара кран тұмсығын көкке созып, темір жолда тұр екен. Кран осы жолдың бойымен болашақ мектеп үйінің өнбойында жылжып жүреді.

— Әрине, тәртіп бойынша бөтен адамды кранға босатуға болмайды, — деп әкем көзін қысты, — бірақ, енді сен маған бөтен кісі емессің ғой. Шық, балам, мына сатымен, қорықпа, мен қасыңдамын.

— Түү, бұдан несін қорқамын, — дедім мен.

— Мақтанба, бұдан әуелде сенен үлкендер де қорыққан, — деп сақтандырды әкем. Кабинаға дейін жоғары көтерілетін са-

тының баспалдақтары темірден жасалған екен, ал сырт жағымда қоршалған құрсау бар. Бұл кісіні құлатпау үшін істелген болу керек.

Мен сатымен жоғары өрлеп келемін. Әкем қасымда. Сондықтан, қорқу деген ойыма да кірген жоқ.

Он шақты баспалдақтан өткен соң, әлі де көп пе екен деп жоғары қарап ем. Ой, сұмдық биік екен! Басымды бұлай көтергенде, егерде қалпағым болса, жерге ұшып кетер еді.

Үйдің үшінші қатарына көтерілген кезде, мен әлде қалай жерге төмен қарап едім, жүрегім айныды. Өнбойым мұздап, аяқтарым дірілдеп қоя берді. Әрине, жерде тұрып үшінші қатарға қарасаң, онша биік те емес қой. Ал, сатыда тұрып, жерге қарасаң, басқаша, оның үстіне, кран да аздап тербеліп үрейінді алады. Менің қорыққанымды әкем байқады білем, дереу қолтығымнан қысты.

—Пионер қорқуға тиіс емес,— деді ол. —Жоғары қара, тек қана жоғары қара, сонда басың айналмайды.

Мен бір сәт дем алдым да, қайтадан жоғары көтерілдім. Қорқынышты болды ма дейсіздер ғой? Иә, жасыратыны жоқ, қорықтым. Әйтеуір, шешем білген жоқ, егер білсе, өмірде мені онда жібермес еді.

Әкем қолымен көтеріп есікті ашты да, мені кабинаның ішіне кіргізді, артынан өзі кірді. Кабинадан алыстағының бәрі, тіпті қала тегіс көрінеді десе де болғандай. Қай жаққа қарасаң да, көзіңе үлкен үйдің шатырлары түседі. Көбінің төбесінде телевизор антеннасы. Байқасам, крандар да көп-ақ екен! Есептеп болар емес. Қаламызда осыншалық көп құрылыстардың жүріп жатқанын мен білген жоқ едім. Асфальт көшелер мен тас жолдардың бойында машиналар ағылып жатыр. Қандай сұлу. Көз айырып болмайды. Мен айналадан көз алмай, ойланып тұрып қалсам керек.

—Не ойланып қалдың,— деп әкем мойнымнан құшақтады.—Бізді кірпіш қалаушылар күтіп тұр. Олар жиырма шақты. Бәрі де шетінен маман адамдар. Оларға тек материалын жеткізіп үлгерсең болғаны.

Әкем орындығына отырды да, рубильникті жағып, рычагті бұрады. Кабинада бұндай рычагтер әлденешеу екен. Оның үстіне бірнеше кнопка мен педаль да бар. Кран рельстің бойымен баяу қозғалып, жиырма метрдей жер жүріп барып тоқтады. Мен кабинаның ішіндегі жылтыр кнопкалар мен рычагтарға шұқшия

қараумен болдым. Әкемнен бәрін де сұрап, біліп алғым келеді. Тіпті, қозғап, немесе бұрап та көрсем деймін. Әкем менің осы ойымды болжап білген адамша:

—Кнопканы басып, рычагті бұрап көргің кеп тұр-ау, ә? Шын-ынды айтшы кәне, сөйткің келе ме?— деп сұрады.

—Рас. Көргім келеді,— дедім мен.

—Жарайды, ендеше, көре ғой. Анау шеткі кнопканы бас. Қатты, қатты бас. Нағыз машинистше бассайшы!

Мен бармағыммен кнопканы басып едім, ілмекті болат арқан ілезде жерге түсті. „Е, осылай екен ғой! Енді бұны балаларға айтуға болады“.

Басына көгілдір орамал тартқан бір қыз іле әлгі ілгекке балшық салынған үлкен жәшікті ілді. Мұны өздері бункер деп атайды екен. Бункер жай теңселіп жоғары көтерілді де, кірпіш қалаушылардың тұрған жеріне түсірілді.

—Біздің такелажницамыз жақсы,— деп мақтады әкем әлгі көгілдір орамал тартқан қызды.—Оның аты Галя, батыл да епті адам. Әрине, сырттан қараған кісі ілгекті ұстап оған жәшікті іле салудың не қиындығы бар деп ойлайды. Алайда, бұл істе өте ептілік пен шапшаңдық қажет. Галя өзінің ісін сүйіп істейді, бір минут уақытын босқа жібермейді. Минуттан сағат құралады. Оны үнемдей білсең, сменада ондаған тонна құрылыс материалын жоғары шығарасың. Ал, бұл дегенің—үйді тез арада салып бітіру деген сөз.

Телефон ақырын шылдыр ете қалды.

—Ә, Галинка, сәлемет пе? Менде отырған кім екен дейсің бе? Өзімнің балам ғой, менің жұмысымды көргісі келеді,— деп жауап берді де, әкем телефонды іліп қойды.—Сізге көмектесіп отырған кім деп



сұрап жатыр. Көзінің қырағысын, кабинадан сенің қарағаның сол еді, жерде тұрып көріп қойды. Қой, мен сенімен тым мылжыңдасып кеттім ғой, әне Галя жалауын былғап жоғары көтер деген белгі берді . . .

Балшық салған бункерден бірнешеуін жоғары шығарған соң, такелажница ілгекке контейнерді ілді. Бұл ішіне кірпіш салған, темір торлы жәшік екен.

—Қазір мұны шомылдырамыз,—деп күлді де, әкем кранның бетін басқа жаққа бұрды.

—Шомылдырғаны несі? Оның керегі не,—деп таң қалдым мен.

Сөйдегенше болмай, оның да мәнін түсіндім. Кірпішті қаламас бұрын әуелі жуып алады екен. Сонда балшық берік ұстайтын көрінеді. Кірпішті бір-бірлеп жуып әуре болғанша, контейнерді сол бойы чанға, яғни темір ыдысқа батырып алады екен. Бұл әрі өнімді, әрі жылдам болады.

Кранның тұмсығы бір жерде қатып тұрды да қалды. Бірақ арқаны тарқатылып барады. Ауыр контейнер бірте-бірте жерге жақындап қалды. Әкемнің қабағы түйіліп кеткен. Менімен сөйлесуге мұршасы келмеді. Жүктен көз айырмай кнопканың бірінен соң бірін басады.

—Қай жерде қандай кнопка бар деп, қарап басып отырған ол жоқ. Тіпті, мойнын да бұрмайды. Қолын созып, бармағымен басып қалса болғаны. Мотор дегендерің біресе дүрілдеп, біресе өшеді. Оның өзі бірнешеу. Бәрі бірден істейді. Біреуі кранды рельстің бойымен жылжытса, біреуі жүкті төмен түсіртеді, енді бірі кранның тұмсығын олай-бұлай бұрып тұрады.

Кран ептеп алға қарай жылжыды да, үлкен темір жәшік кірпішімен суға шолпете қалды. Су жан-жаққа шашырады. Қа-

лай тура түсті десеңші! Жәшік тіпті чанның ернеуіне де соқпай өтті. Шіркін, менің әкемнің шеберлігін айтсайшы!

Енді бір сәтте суға малшынған кірпіш үйдің төртінші қатарына көтеріп шығарылды. Ұзын бойлы бір жігіт ілгектен жәшікті ағытып алды да, қолын былғады. Ол —болдым, краныңды көтере бер дегені ғой.

—Митя Лозовой деген кірпіш қалаушы жігіт,—деді әкем оны иегімен нұсқап.—Мектепті бітірісімен құрылысқа келді. Өзі нағыз комсомолец.

Мен аңдамай отырғанда, кран кенет орнынан жылжи жөнелді. Мен кабинаның қабырғасына сүйеніп тұрып:

—Мектепте балалар осы кран аударылып кетеді деп еді. Сол рас па?—деп сұрадым.

—Аударылып?—деп әкем қайта сұрап алды да,—Мүмкін емес.—деді.—Неге дейсің ғой? Менің краным үш тонна жүк көтереді. Ал, ілгекке, мейлі, төрт тонна жүк ілсін делік. Мен көтергеніммен, мотордың күші жетпейді. Онда не істеуім керек. Арнаулы тежегіш электр құралын қолданамын. Бұдан кейін, нормадан артық жүк өзі де алынбайды, Олай болса, кранда ешқандай хауіп те болуы мүмкін емес. Түсіндің бе? Түсінсең ал ендеше, бүгінге осы жетеді. Бар, балам, үйге қайт.

Менің үйге кеткім де келмеп еді. Бірақ амал қанша, әкеме жұмыс істеуге бөгет жасауға бола ма?!

Әкем мені тағы да төмен қарай жалғыз жібермеді. Басы айналар деп қорыққан болу керек, жерге дейін менімен еріп түсті. Әкем хауіптенгенмен, қорқатын несі бар дейсің, бәрібір мен: „Өскен соң, сөз жоқ, крановщик боламын,“ деп алдыма мақсат қойдым. Бірақ тез арада өсу қиын екен? Соның кілтін табатын адам болса!

В. Россин.

Жас талапкерлер творчествосы

ТІС

Қойдың жақ сүйегін
Қызыға қарадым.
Маржандай тізілген
Тістерін санадым.

Бүлдірмей суырдым,
Бар тісін абайлап.
Не істеу керегін
Таппадым көп ойлап.

«Әжемнің аузында
Тісі жоқ, айтпақшы!»

Бұл бүтін тістерді
Сап берсем қайтпекші?»

Кенеттен осындай
Маған бір ой түсті.
Енді әжем болады
Әдем! қой тісті...

Қастек БАЯНБАЕВ.

Алматы облысы,
Андреев ауданы

ЕРКЕ БАЛА

Тракторшы көршіміз,
Келіп түнгі кезектен,
Әкеп қойған мол қымыз,
Ауыз тиіп көже, еттен:
«Көзіме ұйқы тығылып,
Отырғанын қарашы».
Деп еді, жылап: «Ұйқыны,
Әперші» — деді баласы.

Әлиәкпар ТІЛЕУБЕКОВ.
Қарағанды облысы,
Тельман ауданы



ТӨЛЕПТІҢ СΙΑ САУЫТЫ

Сия сауыт жоғалды,
Жоғалғыш-ақ боп алды.
Бүгін тағы сиясыз
Төлеп үйге оралды.

Жоғалтудан жалықты
Бір амалды «тауыпты»:
«Жоғалмас,— деп,— бөтелке»
Сия құйып алыпты.

Білемін ғой Төлепті
[Мінезі тым бөлек-ті]
«Сынбайды» — деп, бір күні
Сол сұрайды-ау шелекті.



ШІЛДЕБАЙ

Өзің соңғы партада
Отырасың, Шілдебай.
Бор дегенді қалтаға
Толтырасың, бұл қалай!!

Біреуге бор жағылса,
Сенің жағып өткенің.
Бор сызған жер табылса,
Сенің сызып кеткенің.

Өзің сабақ білмейсің,
Сұраса да күнде ағай.
Тәртіптіні күндейсің,
Шелтірейіп Шілдебай.

Шілдебай-ау, Шілдебай,
Осың жөн бе, бұл қалай!!

СЫЛТАУ

— Бөкен, конфет әкелші!
— Кәзір, апа, жүгірем.
— Бөкен, алма әперші!
— Мақұл, апа, міне мен...

— Бөкен, тездет суға бар!
[Жақпады оған бұ хабар]
Түйді дағы қабақты,
«Оқимын,— деді,— сабақты!»

Жәнібек Кәрбозин.




КӨРМЕДЕ КӨРГЕНДЕРДЕН

Очерк

Жана оқу жылының алғашқы күні. Көптен көріспеген, бірі саяхаттан, бірі лагерьден, енді бірі колхоз даласынан оралған балалар мектеп босағасында құлын тайдай шұркыраса табысты. Ұшырасқан сәтте-ақ олар бір-біріне назар аудара қарайды. Бұрын күн сайын кездесіп, сағат сайын қатар отырып жүрген кездерінде бірі біріндегі жаңалықты онша-мұнша аңғара бермеуші еді, енді көзге көз түскеннен-ақ байқап қалып жатыр. Нәсіполланың күнге күйіп, қарайып кеткенін, Москвадан саяхаттан оралған Дариға мен Сараның үстіндегі жаңа көйлекті көріп те дабырласып жатыр:

— Күнге мықтап-ақ күйген екенсін, Нәсіполла.



— Москвалықтарға жол беріңдер.

— Көйлектерін құтты болсын!

— Бізге базарлық бар ма?

Осылай дуылдасқан топ маңдайшада «VIII класс» деген жазуы бар бөлмеге келіп кірді. Көп ұзамай қонырау соғылып, сабақ басталды. Алғашқы сабаққа келген мұғалім Қазым Ғалиұлы:

— Балалар, жазғы демалысты қалай өткіздіңдер? Сабақ бастамас бұрын осы туралы әңгімелесейік,— деп еді.

Сол-ақ екен, балалар тұс-тұстан:

— Москвадан келгендер сөйлесін. Көрмеден көргендерін айтсын,— деп шу ете қалды.

Артқы партада отырған Ақкүміс орнынан ұшып тұрып:

— Олардың жазған күнделіктері бар, оқып берсін,— деді. Дариға мен Сараның құпиясын білетініне масаттанғандай ол

класс ішін жымия бір шолып барып орнына жайғасты.

— Тіпті жақсы,— деді мұғалім.

— Оқып берсін.— деп шулап қоя берді балалар.

Талдырмаш, кішкене қара қыз Дариға қасындағы құрбысы Сараға «оқимыз ба» дегендей бір қарап алды да, баяу орнынан көтерілді.

* * *

...Москваға келгелі бір тыным тапқанымыз жоқ. Бүгін көрмеде болдық. Міне, қызық, тамашаның «көкесі» осында екен.

Күн ашық. Біз Гурьев облысынан келген бір топ бала көрмеге баруға шықтық. Көрмеге баратын кең көшеге адам симады. Метродан шығып жатыр. Автобустан түсіп жатыр. Жаяу да келіп жатыр. Иін тіресіп, сығылысып жүріп келеміз. Өзіміз сияқты балалар да көп.

Вотякова апайдан көрме туралы талай-талай әңгімелер естігенбіз. Көлемі 216 гектар, ондағы павильондар мен құрылыстар саны 334-ке жетеді, аллеялары мен проспектілерінің ұзындығы 65 километр, сегіз есігі бар... тағы толып жатыр.

Дариядай кең есіктен ішке кірдік. Екі жағы қып-қызыл гүл аллеямен сәл жүргеннен кейін бір зәулім үйдің алдына келдік. Ұшар басында шоктай жанған бес жұлдыз. Маңдайшасында «СССР» деген үлкен жазуы бар. Бұл — бас павильон деп аталады екен. Бұл үйден әрі қарай тіпті әсем. Қазқатар қонған ақ үйлердей павильондар. Бәрі де әшекейлі, сұлу. Ортада — халықтар достығы аталатын фонтан. «Күміс қыздар» дөңгелене қол ұстасып, келушілерді қарсы алып тұрған тәрізді. Фонтан түтіктерінен атқылаған су күмісше шашылып, көбіктене бұрқырап жатыр.

Жас натуралистер мен техниктер павильоны әлгі фонтаннан қашық емес екен. Төбесінде шыны күмбезі бар еңселі, биік үйдің басқышына аяқ салғанымызда Вотякова апай:

— Ал, балақандар, әр затты зер сала көріп, көңілдеріне түйіп алыңдар. Соңыра көргендеріңді айтып бере алмай, жолдастарыңның алдында қызарып жүрмендер,— деді.

Кіре беріс бөлменің нақ ортасында бір кішкене автомобиль тұр. Кірген бетте

балалардың бәрі соған қарай жапырласа ұмтылды. Біз де жеттік. Бізбен бірге жүрген Абай атындағы мектептің оқушысы Болат әй-шәй жоқ, барды да автомобильге отырып алды. Енді бір бала моторын шұқылап көре бастады.

— Бұл сендердің жерлестерің, Қазақстан балаларының жасаған машинасы,— деді экскурсияны басқарушы әйел,— Қарағанды облысындағы Сарань қаласының жас техниктері жасаған. «Малютка» деп аталады. Көріп тұрсындар ғой, өзі екі адамдық. Салмағы 250 килограмм. Сағатына 45—50 километр жер жүреді.

Әлгі Болат «Ой, осындайдың біреуін жасап алса» деп машинаның жанынан шығатын емес. Біз ілгері кеттік.

Келесі бөлменің ортасында үлкен стол үстінде Литва колхозының макеті тұр екен. Үйлер, ферма үйлері, құрылыстар. Асфальтті жол, канал.

Ағаш бұл макетке біз қызыққан жоқпыз. Аса назар аудармай, жан-жағымызға алақтап тұр едік. Қызық әлгі столға электр сымын жалғаған сәтте болды. Электростанцияның шамы жарқырап жанып еді, бүкіл поселкаға жан бітті. Барлық үйлерде электр шамдары жанды. Ешкімнің көмегінсіз су станциясы жұмыс істей бастады. жолмен троллейбус жүріп өтті. Енді бір мезетте шамдар сөніп, таң атып келе жатқандай болды. Күн көзінің көрінуі мұн екен, автоматтың көмегімен фермаға, каналға баратын су жолдары ашылды.

— Көрдiңдер ме Литваның жас техниктері осындай колхоз жасамақшы. Барлық жұмысты автомат-машиналар атқаратын болады. Макетті пионерлер бірлесіп жасаған. Бірінші сатыдағылар үйлерді бояуға қатынасса, екінші сатыдағылар су жүретін түтіктерді, машина модельдерін жасаған, үшінші сатыдағылар электр, автомат жағын тындырған,— деп түсіндірді экскурсияны басқарушы.

Әдепкіде көңіл бөлмей тұрған макеттің жанынан біз біразға дейін кетпей қойдық. «Тағы да жалғаңызшы?» деп қылқылдап көріп едік, «Жоқ, әлі де талай қызық көресiндер» — деп экскурсияны басқарушы бізді алға бастады.

Ростов облысының Самарскі ауданындағы № 1 орта мектеп оқушыларының экспонаттарын көріп тұрғанымызда Вотякова апай бізге бір үлкен альбом әкеп берді. Бұл — осы мектептің өндірістік бригадасының істерін баяндайтын суреттер екен. Сара екеуміз бригаданың ісін күнделікке жазып

алуға келістік те, басқалардан сәл кейін қалдық.

Бригадада 150 бала бар. Олар 10 звеноға бөлінген. 1958 жылы 1 миллион 88 мың сом табыс тауыпты. Неткен көп табыс. Олар күріш, жүгері, овощ өсіреді екен. Өздерінің «юннат» атты инкубаторы бар. Инкубаторда 7 290 үйрек, 525 күрке тауық, 4 942 балапан өсіріп шығарған.

Осыны жаза бергенімізде Вотякова апай келіп:

— Дұрыс, дұрыс... жазып алындар, керек болады,— деп бізді қошаметтеп қойды...

Төбесін шынымен жапқан жап-жарық бөлмеге кіргенде, біз өзімізді жасыл бау ішіндегідей сезіндік. Шешек атқан гүлдер. Биік, жалпақ жапырақты ағаштар. Хош иіс мұрын жарады.

— Бұлар өздеріндей балалар өсірген гүлдер мен ағаштар,— деді экскурсияны басқарушы.

Міне, тамаша! Индияда өсетін монстера деген ағаш. Әрбір жапырағы қол шатыр сияқты. Бір өзі бірнеше шатыр көтеріп тұрғандай. Мұны Воронеж облысындағы 17-мектептің жас натуралистері өсіріпті. Оған таяу Ялтадан әкелінген банан тұр. Қызық өсімдік екен. Сала-сала жапырақтары орамалға ұқсайды. Бұл бөлмеден біз ұзындығы бір метр қытай киярын, ыдыс үшін өсірілетін қауақты, саналуан гүлдерді көрдік.

* * *

Қоңырау шылдырлап, Дарига бөгеліп қалды. Құмарта тындап отырған балалар жақсы картина оқыс үзіліп қалғандай-ақ:

— Неге тоқтадың. Оқи бер,— деп шу ете түсті.

— Жоқ, қалғанын сабақтан кейін тыңдарсындар. Дарияға ортамызда ғой,— деп орнынан тұрды Қазым Ғалиұлы.

Н. СЕРАЛИЕВ.

Гурьев облысы, Есбол ауданы,
Жамбыл атындағы орта мектеп.



БАЛАПАН

Әңгіме

Бақыт мамасынан бір сом ақша алды да, көшеге шықты. Ойы балмұздақ сатып алу еді. Қақпа алдында екі бала ойнап жүр. Олар әлденеге мәз-мәйрам. Біреуінің қолында жаңа қанаттанған, үрпек бас, сары тұмсық балапан кептер. Оны ұзын кендір жіппен аяғынан байлап алыпты. Жіптің бір ұшын ұстап тұрып, балапанды лақтырып жібереді. Балапан қалбалақтап ұша жөнеледі. Ал әлгі бала жіпті тартып қалса болды, балапан жалп етіп құлайды. Балалар шек-сілесі қатқанша күледі. Балапан жалынғандай, өтінгендей, жылағандай кішкентай ғана, сары тұмсығын жиі ашып, шыр-шыр етеді. Осы кезде аспаннан анасы да шыр-пыры шығып, балапанының үстіне құлай төніп келеді. Бірақ, босатуға дәрмен жоқ. Балалардан сескеніп қайта көтеріліп кетеді.

Бақыт тоқтай қалды. Ол шырылдаған балапанды аяп кетті.

— Әй, неге тиесіндер? — деді қабағын түйіп.

Балалар Бақытқа жалт қарады.

— Сенің не жұмысың бар! Балапан өзіміздікі. Бар, кете бер... неге қарайсың?

Балалар балапанды тағы ұшырды. Балапан дәл Бақыттың алдына келіп қонды да, қанатын қағып, «мені құтқар» дегендей шырылдап қоя берді. Төбеде анасы да безек қағады.

Бақыт қолына алды. Балалар да жүгіріп жетті.

— Біз не айттық саған! Неге ұстайсың! — деп ентелеп келген көк көйлекті, сары бала оның қолынан балапанды жұлып алды. Бірақ, Бақыттың қолындағы ақшаны көріп, ашулары су сепкендей басыла қалды.

— Сатамыз, аласың ба? — деді әлгі сары бала Бақытқа қулана қарап. Бақыт ойланған жоқ.

— Мә! — деді бірден.

— О, о, бұл аз ғой, тағы жібі бар, — деді балалар бір-біріне көз қысып.

— Жібін алып қал. Басқа ақшам жоқ.

Екі бала бір-бірімен ыммен ұғысып, балапанды шешіп берді.


— Айырылып қалма!

Бақыт жадырап кетті. Балапан әбден шаршаған болуы тиіс, кеудесі бүлк-бүлк етеді.

— Бара ғой, үйіңе, — деп Бақыт көтеріңкіреп лақтырып жіберді балапанды. Екі бала бір-біріне қарап, аңырып қалды. Балапан да бірден ұшып кетпей, телеграф сымна қонды. Жүрегі жарыла қуанғандай, анасы да шыр-шыр етіп, балапанына жетіп келді. Балапан қанатын жиі-жиі қағып, сары аузын аша қалды. Осы сәтте анасы аузына бірдене салып жібергендей болды. Бұл Бақытқа сүйіп алғандай болып көрінді.

Екеуі қосылып «Рахмет саған, Бақыт!» дегендей шик-шиқ етіп біраз отырды да, енді бір сәтте қатар ұшып бара жатты. Олардың жиі-жиі қағылған қанаттары Бақытқа «қош бол» деп қол бұлғап бара жатқандай еді.

Танаш Дәуренбеков.



Суретін салған А. ВЯЛЬЦЕВ.



АРАМ ХАЧАТУРЯН

Бұл 1955 жылдың жазында болған еді. Бауырлас поляк халық республикасының астанасы Варшавада жастар мен студенттердің бүкілдүниежүзілік бесінші фестивалы өтіп жатқан. Сол күні концерт залына жиналған алуан ұлттың өкілдері музыкант өмірінде сирек кездесетін тамаша бір оқиғаның куәсі болды. СССР Үлкен театрының симфониялық оркестрінің жастардан құралған тобы Арам Хачатуряның «Спартак» балетінен бірнеше үзінді орындады. Талантты дирижер Зеннадий Рождественский басқарған жастар оркестрі атақты композитордың күн шұғласындай жарқын да жалынды, тереңнен қайнап шыққан тас бұлақтай мөлдір де тұнық, тамаша музыкасын шарықтата, асқақтата орындады. Музыка аяқтала бергеннен-ақ кең залға жиналған мыңдаған адам бір кісідей орындарынан тұрып, жаңғырта қол соқты. Уақыт өте берді, бірақ қол шапалақтау басылар емес. Тау суының тасқынындай күшейе түсті. Он минут, жиырма минут, тіпті жарты сағат өтті. Құдіретті, сиқырлы музыка сазына елжіреп, жан жүрегі тебіренген халық осындай тамаша шығарма авторына, сол композиторды туғызған халыққа деген сүйіспеншілігін, құрмет-қошаметін осылай білдірді.

Әлемнің түкпір-түкпірінен келген жас-

тардың түсінігі, салт-санасы, ән-күйі әр басқа қыруар қалың көптің Совет композиторының шығармасын қуана қарсы алғаны қалай?

Бұған таңдануға болмайды. Әр уақытта да қарапайым халық арасында туған, сол халықтың арман-қиялын, қайғы-қуанышын жырлаған шығарма ұлтына, нәсіліне, тіліне қарамастан, әркімге-ақ түсінікті болады. Жақсы ән-күй халықтарды жақындастырады, оларды ынтымаққа, татулыққа, бейбіт өмірге үндейді. Арам Хачатуряның шығармалары міне осындай шығармалар.

Аса көрнекті Совет композиторы, СССР Халық артисі Арам Ильич Хачатурян 1903 жылы Тифлис қаласында, қолөнерші армяннің семьясында туды. Болашақ композитор жас күнінен-ақ музыкаға жаны құмар болды. Ол армян, азербайжан, грузин халықтарының музыкасын көп үйренді. Он тоғыз жасынан бір жола музыка жолына түсті. Москвадағы Гнесиндер атындағы музыка техникумына түсті, виолончель тартуға маманданды. Композиторлық өнермен айналысты. Техникумды бітірісімен 1929 жылы Москва консерваториясына түсті. Дарынды жастың бақытына қарай оған композитор Н. Я. Мясковский ұстаздық етті. 1934 жылы консерваторияны бітіргеннен кейін, ол үш жыл бойы аспирантурада оқыды.

Отызыншы жылдардың бас кезінен-ақ шешек атқан гүлдей жас композитордың өзіндік үні, өзіндік тәсілі көріне бастады. «Жыр-дастан», «Би», «Би сюитасы», «Поэма», «Токката», «I-симфония» сияқты шығармаларын да халық музыкасының асыл қазынасын өз туындыларына арқау қылғаны, әсіресе, армян, азербайжан ән-күйлерін мол пайдаланғаны байқалды. Ол қайнаған халық өмірін, оның шат-шадыман көңіл күйін серпінді, асқақ музыкасында мың құбылтып, құйқылжыта жырға қосты. Отызыншы жылдардың екінші жартысында Арам Хачатурян өзінің композиторлық еңбегінде жаңа кезенге аяқ басты, биік белеске көтерілді. Ол «Бақыт» балетін және оркестрге, скрипкаға арнап концерт жазды, симфониялық шығарма берді. Бұлардың төркіні халық музыкасы екені айқын байқалды, бірақ ол орыстың классикалық музыка мұрасымен байытылды.

1942 жылы Арам Хачатурян «Ганзе» деген тамаша балетін жазды. Бұл «Бақыт» атты шығармасын түбірінен қайта жазу нәтижесінде туды. Онда шекарадағы бір армян колхозының өмірінен алынған оқиға

бейнеленді. 1943 жылы жазған екінші симфониясында яғни «Қоңыраулы симфониясында» ол гитлершіл басқыншыларға қарсы, әділеттік соғысқа көтерілген халқымыздың қаһарлы бейнесі, Отан соғысының сұрапыл жылдары бейнеленді.

Соғыстан кейін Арам Хачатурян виолончельмен оркестрге қосып ойнайтын концерт және «Симфония-дастанын» шығарды. Сонау жиырма бесінші жылдардың аяқ кезінде басталған композитордың кең өрісті, нәрлі, жемісті творчествосы жыл өткен сайын бәйтеректей жапырағын жайып, көркейе берді.

Композитор М. Ю. Лермонтовтың «Маскарад», Н. Ф. Погодиннің «Кремль куранттары», С. В. Михалковтың «Илья Головин», Шекспирдің «Макбет» атты пьесаларының спектакльдеріне музыка жазды. Сол сияқты «Пепо», «Зангезур», «Олардың Отаны бар», «Адмирал Ушаков», «Владимир Ильич Ленин», «Кемелер қамалдарға шабуыл жасайды», «Отелла» кинофильмдерінің музыкасын жазған да, Армян ССР-нің мемлекеттік гимнінің авторы да Арам Хачатурян.

Арам Ильич Хачатурян данқы бүкіл әлемге жайылған. Еліміздің халықтары оның шығармаларын сүйсіне тыңдайды. Композитордың тамаша музыкасы ауа толқынында да, концерт залдарында да, клубтар мен мәдениет үйлерінде де үзбей орындалады. Өйткені, оның шығармаларында совет адамдарының шынайы сезімі мен асыл қасиеттері композитордың өзіне ғана тән шеберлікпен айқын жырланады. Хачатурянның «Ганэе» балетіндегі «Қылышпен билеу», «Маскарад» пьесасына жазған вальсі халықтың қолтума туындысына айналып кеткен.

Композитордың төрт шығармасы Сталиндік сыйлықтың лауреаты деген құрметті атаққа ие болды. Олардың ішінде «Ганэе» балеті, «2-симфониясы», «Скрипкалық концерті» бар.


Арам Хачатурян елімізде коммунизм орнатып жатқан халқымыздың қайнаған өмірінен қол үзбейді. Ол үнемі туған елін аралап, өнер көрсетеді. Халық музыкасының қайнар бұлағынан, тамаша адамдарымыздың ерлік істерінен өз шығармаларына қуат-нәр алады. Атақты композитор Сибирьдің ірі-ірі кәсіп орындарын аралады, Кемеровоның Кузбастың және басқа қалалардың жұмысшы клубтарында болып, олардың оркестрлерін басқарды. Хачатурянның тамаша музыкасын өз орындарында тыңдаған тың игерушілер де оған дән риза.

Арам Хачатурянның толған айдай толықсып кемеліне келген құдіретті талантының биік шыңы — «Спартак» балеті. Бұл еліміздің музыкалық өмірінде елеулі оқиға болды. «Спартак» балетінің серпінді музыкасы бірде кемерінен асқан дариядай буырқанып жатса, бірде жазғы самалдай, күп шуағындай жан-жүйенді елжіретіп, рахатқа бөлейді. Ежелгі Римде әділетсіздік пен тағылыққа қарсы құлдар көтерілісін бастаған Спартактын басынан кешірген сұрапыл оқиғалар қат-қабат келіп, көрушіні, тыңдаушыны еліктіріп отырады.

Арам Хачатурян кәзір Москва консерваториясы мен Гнесиндер атындағы музыкалық-педагогикалық институтта профессор, дарынды жастарды баулиды. Халқымыз композитор еңбегін жоғары бағалады. Ол Ленин орденімен, Еңбек қызыл ту орденімен, медальдармен наградталған. Ал, «Спартак» балетін жазғаны үшін авторға Лениндік сыйлықтың лауреаты деген құрметті атақ берілді.



«Спартак» балетінен бір көрініс.



Мақсұт Омаров.
спорт шебері

Суреттерін салған В. СИБИРЦЕВ.

Бүгін де «Динамо» магазинінің ішінде халық ығы-жығы. Біреулер қармақ, енді біреулер футбол добын, ал, аңшылар бір бұрышқа жиналып алып, жаңа мылтықты көріп жатыр. Міне, мұның бәрі көзге көптен таныс жәйттар. Бір шетте күйбеңдеп уысындағы жентектелген ақшаны асығыс санап жатқан он екілер шамасындағы екі бала менің назарымды бірден аударды. Сатушы олардың ақшаларын алды да, екі килограмдық екі гантели ұсынды. Сыртқа мәз-мәйрам болып шығып бара жатқан екі балаға қарап тұрып, мен өз өмірімде болған бір оқиғаны есіме алдым.

* * *

Бұл оқиға осыдан он жеті жыл бұрын менің жақсы досым Ораз Жанайдаров екеуіміздің басымызда болып еді. Біздің де жасымыз ол кезде он екіге шығып еді. Ал спорт дегенді естігеніміз болмаса, білген емеспіз. Атақты штангашы Яков Куценконың аты бүкіл елімізді дүрілдетіп тұрған кез. Бір күні оның суретін Ораз екеуіміз журналдан көрдік. Яков Куценконың тығыршықтай денесі, бұлтиған бұлшық еттері бізді қайран қалдырды. «Шіркін, спортшы болар ма еді» деген ой бізді көпке дейін мазалаумен болды.

Бір күні мектепке пионер Сарайынан кісі келіп спорт секцияларына балалар тарта бастады. Қай секцияға барсақ екен?

Біз өзімізді «мықты» футболшылармыз деп ойлайтынбыз. Сөйтіп футболшылар секциясына жазылдық. Бір күні боксшы болсақ деген ниет болды да, бокс секциясына бар-

Сыпшық

дық. Секция жетекшісі біздің аяғымыздан басымызға дейін байыппен қарап тұрып:

— Қой, балапандар, сендер мына шидей қалыптарыңмен боксшы бола алмассыңдар. Бізге ширақ, күшті балалар керек,— деді.

Біз көшеге шыққаннан кейін Ораз екеуіміз, бір-бірімізге қарап, өзімізден өзіміз ұялдық. Ақыры футбол алаңына қайта оралдық.

Кезекті жаттығу жүріп жатқан кез. Допты бей-берекет, бетімен қуып жүрміз. Жиырма минут ішінде менің допқа аяғым бір-ақ рет тиді. Бір рет қолыммен ұрып қалып, біздің қақпаға қарай айыптау добы соғылды да, қақпашы допты ұстай алмай, жеңіліп қалдық. Үзіліс. Ағаш қақпаның түбінде салымыз суға кетіп, үнсіз отыр едік, 5-класта оқитын Болаттың даусы бізді селт еткізді.

— Ей, жүріңдер! Костин штанга көтеруден тағы да бір рекорд жасайтын түрі бар, көріп қалайық.

— Костині кім? Нендей рекорд!

— Шынымен-ақ білмейсіңдер ме?!

— Бүгін республика бойынша штангадан бірінші орын алу жарысы жүріп жатыр емес пе?

Біз дүр көтеріліп, Болаттың соңына ердік.

Кең залдың іші. Ортада поездың дөңгелегіндей жылтыр штанга тұр. Оның жанына орта бойлы, шымыр денелі жас жігіт шықты. Ол жердегі штанганы қос қолдап ұстады да, бір бұлқынып кеудесіне көтеріп алды. Сол кезде төреші алақанын соғып қалып, штанганы жоғары көтер деген ишарат білдірді. Штанганы маңдайының тұсынан сәл асыра көтеріп барды да, сылқ еткізіп жерге тастай салды. «Көтере алмады!» деген сыбыс зал ішін гулеп кетті. Спортшы екінші рет ұмтылды. Бұл жолы сәтті болды, жеңіл көтеріп кетті.

Жарыстың соңында балалар Костиннің маңына шоғырланып жинала қалды. Бізде бір шеттен сығылысып ілгері ентеледік.

Міне осы жерде біз штангашының аузынан «гантели» деген сөзді бірінші рет естідік. Костин балаларға, ауыр штанганы көтеру үшін ең әуелі гантелиді көтеріп дағдыланып, бірте-бірте шынығу дегенді айтты. Сөзінің соңында гантелиді «Динамо» магазинінен сатып алуға болады деді.

Осыны есіте сала біз магазинге келдік. Мұнда керек заттың бәрі де бар еді. Коньки дейсің бе, футбол дейсің бе, бокс қолғабы дейсің бе... Ал гантели қайда тұр? Өз өміріңде бір де рет көрмеген затты қайдан танырсың?!

— Ал, сөйлей беріңдер,— деді бір кезде сатушы бізге сықсия қарап.— А... а, гантели дейсіңдер ме?

Ол біздің алдымызға екі жағы алыптың жұдырығындай жұмыр, зілдей шойынды әкеліп қоя салды.

— Бүгін кішкентай гантели қалмапты, тек 10 және 15 килограмдық қана гантели бар екен.

— Бізге керегінің өзі де осы еді,— деді Ораз күңк етіп. Кішкентай гантели керек деуге намыстанды білем, білгішім.

— Олай болса, 25 сом төлей қойыңдар.— деді.

— Қанша?— деп біз үрейлене қайта сұрадық.

— 25 сом. Меніңше сендерге біреуі-ақ жетіп қалар деп ойлаймын,— деді бізден жасыра көзін біреуге қысып қалып.

— Ия... ия...

Ораз қалтасына қолын салып еді, мұқият қатталған тоғыз бір сомдық шықты. Маған қарап еді, мен желкемді қасыдым. Қалтамда үш-ақ сом ақшам бар.

Бір жеті бойы киноға да бармай, балмұздақ та жемей, ернімізді кезертіп жүріп тырнақтап ақша жинадық. Ақыры 10 килограмдық гантелидің иесі болдық. Неткен ауыр еді!

— Апаратын жерлерің алыс па?— деді баяғы қуақы сатушы.

— Жоқ, мына бұрышта,— деді Ораз тағы да өршеленіп. Сөйтті де, жып етіп магазиннен шығып кетті.

— Жетер!— дедім мәз боп көшенің бұрышында тұрған Оразға зілді түрде,— осының үшін, екі квартал бойы сен көтеріп жүресің.

— Несі бар?— деді де, Ораз гантелиді көтере жөнелді.

Мен артынан ілесіп келемін. Кенет бет әлпетіне көзім түсіп кетті. Оразымның жүзіндегі әлгі көңілді күлкіден еш із қалмаған. Жарты квартал жүрмей-ақ, мұрны пышылдап, маңдайынан шып-шып тер шыға келді.

— Әкел бері, мен біраз көтерейін,— дедім шыдай алмай.

Уһ, үйге де келдік-ау! Жаттығуға кірістік. Ораз екі рет көтерді. Мен бір-ақ рет көтердім. Ораз менен күштірек екендігіне мәз. Ертеңіне ерте ояндық. Денеміз дел-сал. Нақ

біреу сабап тастағандай. Бәрі кешегі гантелиді үйге жеткіземіз деген машақаттың қасіреті. Екеуміз бір-біріміздің қарымызды ұстап қоямыз. Үлкейіп, қатайып қалған сияқты.

Сөйтіп, ол гантелиді жазғы каникулға дейін көтеріп жүрді. Мен не бары сегіз-ақ рет көтердім.

Бір күні өзімнің қимас досыммен айырылысуға тура келді. Ораздың әкесін Семейге қызметке ауыстырды да, семьясымен сонда көшіп кетті.

Қоштасарда:

— Ораз, гантелидің маған түкке де қажеті жоқ...— дедім, сен ала ғой деген ишаратпен.

...Арада табаны күректей он жыл өтті. Ораз екеуміз бір-бірімізді ұмытқан жоқпыз. Бірде университеттің үшінші курсында оқып жүргенімде Армия қатарында жүрген Ораздан Алматыға келем деген хабар жетті.

Перронда адам қарақұрым. Қаптап кеткен гүл. Апам екеуміз поезд келетін жаққа дәміл-дәміл мойынымызды созып қоямыз. Осындайда уақыт та өтпейді екен. Әне, поезд айқайлады. «Ұзақ жолдан шаршап келемін» дегендей паровоз «уһ, уһ» деді де, тұра қалды. Міне, жетінші вагон!

— Ораз! Ораз!— деп мен досыма тұра ұмтылдым. Құшақтаса кеттік. Мен нақ бір темір құрсауға түскендей, тынысым тарылып қалды. Көзім қарауытып кетті.

— Мұның не, мұның не? Қуанудың орнына үрейленуіңе жөн боясын. Бозарып кеттің ғой,— деді ол мені сүйіп жатып.

Мен үнсіз оның қарын ұстадым. Менің қолыма тастай, кесек-кесек бұлшық еттер ілінді. Міне, саған!

— Бәрі сол гантелидің пайдасы,— деді менің таңданғанымды түсініп,— рахмет, достым, ол маған бергенің ең қымбат сыйлық болды.



ПИОНЕРЛІК ІС

Әсен мектептен шығысымен үйіне келді. Апыл-ғұпыл тамақ ішіп киініп далаға шықты. Манағы уәделері бойынша Болат екеуі ауылдың қасындағы сайда кездесті. Олар Есілге келіп, қармақ салатын жерлеріне жайғасты. Балықтар көп қапты. Олар балықтың қызығымен күннің бетін қапқара бұлт қоршап алғанын да білген жоқ. Жел тұрып дауыл соққанда ғана барып, ауылға қарай жүрді...

Қапиза апай туған қозыларды күн жақсы болған соң, ауылдан ұзатып жіберген еді. Дауыл тұрғанын көрген соң, ол қозыларға қарай жүрді. Қозылар дауылдан әр біреуі әр жерде паналап тұр екен. Қозыларды ауылға айдап келіп санаса, екеуі жоқ...

Есілден шыққан балалар үйлеріне қарай асыға басып жүріп келеді. Бір кезде Әсен жолда бір шоқ талдың түбінде тұрған екі қозыны көрді. Қозылар әбден тоңған, үстері су. Екеуі қозыларды ауылға айдады. Жаңбырдан тоңған қозылар паналайтын жерлерінен шыққылары келмей, жүрмейді. Мұны білген Әсен қозының біреуін ұстап алып, үстіндегі костюмімен жауып алды. Екеуі екі қозыны көтеріп алып, жүгіре жөнелді. Қозыны іздеп шыққан адамдар екі баланың үстеріне киім жауып, ауылға алып келді. Балалардың бұндай ісіне сүйсінген Қапиза апай оларға апалық алғысын жаудыра берді.

Бектұр Жәнішов.

*Ақмола облысы, Қима ауданы,
Ворошилов атындағы астық совхозы.*



АУЫЛ КӨРКІ — АҒАШ

Мен биылғы көктемде үйімнің көше жағына он түп шие, 12 түп терек, 10 түп қарағаш және 10 түп көріктеуші ағаш отырғызып едім. Олардың бәрі биыл жапырақ жайды.

Ағаштардың айналасына сепкен бес түрлі гүлдерім де гүл жарды. Көше жақтан қараған адамға сондай әдемі көрінеді, әрі аңызға қалды салқындатып, үйді күннің ыстық сәулесінен қорғап тұрады.

Ағаш та жас сәби сияқты, бағуы, күтуді көп керек етеді. Мен оларды күн аралата суарып, түптерін босатып, айналасына өнген гүлдердің де арам шөптерін жұлып, су құйып тұрамын. Бұл менің еңбекке деген құштарлығымды арттырып, ағаш пен гүл өсірудің тәжірибесін үйретті.

Қазір үйімнің айналасына тағы да 10 түп алма ағашын, 20 түп қарағаш отырғызбақпын.

Бау-бақшаны күту жөнінде газетке шыққан мақалаларды мен үзбей оқып отырамын. Сөйтіп, жас мичуринші болғым келеді.

Смет Бәкіров.

Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Бірлік жетіжылдық мектебінің оқушысы.





Балалар, жақында Қазақстан Көркем Әдебиет Баспасы жас ақын Сағи Жиенбаевтың «Қарлығаш» атты өлеңдер жинағын жарыққа шығарды. Бұл кітап сендерге арналған. Ондағы қай өлеңді оқысаңдар да, өз қылықтарыңды, арман-қиялдарыңды сезесіңдер. Кітаптың алғашқы бетіндегі «Қарлығаш» атты өлеңге көз салыңдаршы. Өздеріңе аян,

тәртіпті, жақсы баланың жаны әр кез ізгі, мейірбан. Шырылдап, күні-түні тынбай ұшқан қарлығашқа бала былай дейді:

Білем мен қасиетті ана сырын,
Шырқырап бөбегіне жан ашырын.
Тілеймін балапанға мен де сондай,
Біреудің әлдилеген баласымын.

Ал, жинақтағы «Құрдас», «Қамқоршы» деген өлеңдерінде өздеріңдей оқушылардың егін егу, қоян өсіру сияқты өнегелі істерін жырлайды. «Қыс», «Көктем», «дөген өлеңдерде туған жер табиғатын суреттеп береді.

Кітапта «Бауырлар» атты ұзақ аңыз өлең бар. Мұнда жас ақын ағалы-інілі туысқандардың бір-біріне деген бауырмалдығын, адалдығын жақсы суреттейді. Әйелдерінің кесірінен екеуі екі айырылып, бөлек күрке тігіп отырса да бірін-бірі ұмытпайды, аяйды. Тары күзетінде тұрғанында ағасы інісін жас деп аяп, кейін жетпей қалар деп өзінің үлесінен он шақты күрек тарыны оның тарысына тастайды. Ал екінші күні күзетке тұрған інісі ағасына жаны ашып, баласы бар еді ғой деп, өз үлесінен ағасының үлесіне бірнеше күрек тары қосады.

Жас ақынның өлеңдері оқуға жеңіл, жаттауға оңай. Қайсы өлеңін болса да жаттап, айтып жүруге болады.

СЕН БІЛЕСІҢБЕ?

Бұрын Албанияда балалардың көпшілігінің оқуға мүмкіншілігі болмады. Қазіргі кезде барлығы да оқиды.

Қытайда жаңа мектептер көп салынуда. Мектеп саны 1956 жылы, 1955 жылға қарағанда, он миллион артты.

1957 жылы СССР-да 2000-нан аса пионерлер Сарайы, 450-ге жуық жас техниктер мен жас натуралистердің станциясы, 100-ден аса балалар театры мен қуыршақ театры, 6000 балалар кітапханасы болды.

Италияда екі миллион бала оқымайды.

Турцияның он алты мың деревнясында мектеп жоқ.

Испанияда кішкентай балалар, үлкендермен бірдей күніне 12—13 сағат жұмыс істейді.

Совет үкіметі тұсында 6,4 мың километр темір жол линиясы электрлендірілген.

Миллион дегеніміз не! Егер бір миллион сіріңкені көлденеңінен, бір-біріне тигізіп қатарластырып қойса, оның ұзындығы екі километрге дейін созылады.

Бір миллион парақты аударып шығу үшін, күніне дамылсыз жеті сағат отырғанда, бір ай уақыт керек болар еді.

Біздің жыл санауымыздан бері


бір миллион күн болған жоқ. Біз кәзір 20-ғасырдың орта шенінде ғана тұрмыз. Миллион күн дегеніміз 27 ғасырдан да артық уақыт.


1960 жылы көмір өндіру арта түседі. Көмір өнімі әр адамға 2,5 тоннадан келеді.

Тек қана 1957 жылы өндірілген көмірдің қызуымен тереңдігі бір метр, көлемі Азовтай теңізді 70 градусқа шейін ысытуға болады.

Халқының саны жағынан Қытай жер жүзінде бірінші орын алады. Оның жерінде 602 миллион халық тұрады. [1953].

Қытай жерінің көлемі — 9,9 миллион шаршы километр. Мұны бүкіл Европа жерінің көлеміне тең десек те болады.





ӘДЕБИ КРОССВОРД

Орыс жазушылары:

Тігінен:

1. XIX ғасырдағы ұлы жазушы.
2. XIX ғасырдағы атақты драматург.
3. XIX ғасырдағы ұлы ақын.
5. XIX ғасырдағы белгілі жазушы, «Багор атайдың немересі» деген кітаптың авторы.
7. Атақты мысалшы.
10. Орыс совет балалар жазушысы.
12. Орыстың ұлы сыншысы.
14. «Көтерілген тыңның» авторы.
15. Краснодардықтардың ерлігін көрсететін кітаптың авторы.

Қолденеңнен:

3. XVIII ғасырдағы белгілі ақын және ұлы ғалым.
4. Ұлы ақын, «Темір жолдың» авторы.
6. Ұлы ақын, «Чаадаевқа» деген өлеңнің авторы.
8. Пролетариаттың ұлы жазушысы.
9. «Обломов» романының авторы.
11. «Соғыс және бейбітшілік» романының авторы.
13. Атақты новеллашы.
16. Совет заманындағы ұлы ақын, «В. И. Ленин» поэмасының авторы.

Құрастырған Әзімбай Асаров.

Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы.

Жас дос, сен өзіңе арналып қазақ тілінде шығарылатын „Пионер“ журналына 1960 жылға жазылуды ұмытқан жоқсың ба?

Алдағы жылы сендер журналдан оқушылардың, пионерлердің өмірін суреттейтін жаңа повестер, әңгімелер, поэмалар, очерктер, өлеңдер оқитын боласыңдар. Ғылым, техника, спорт бөлімдерінен қызғылықты материалдар табасыңдар.

Сендердің журналистикаға, жазушылық өнеріне талаптарың болса журналдың редакциясы әр уақыт кеңес беріп, көмектеседі, жақсы шығармаларды жариялап отырады.

Журналдың жазылу бағасы:

Бір жылға 12 сом.

Алты айға 6 сом.

Үш айға 3 сом.

Журналға „Союзпечатьтың“ барлық бөлімшелері арқылы жазылуға болады. Жазылу мөлшеріне ешқандай шек қойылмайды.

Мұқабаның бірінші бетіндегі Р. Юлдашевтың «Жемчужная» деген суреті.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Ыбраева А., Ыдырысов Р. (редактор), Қирабаев С., Нұрқатов А., Нұртазин М.

Техникалық редактор М. Фум.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом 63, редакция журналы «Пионер».

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 14/IX-59 г. УГ05435. 84×108^{1/16} — 0,75 бум. 2,46 п. л.

Тираж 37.600. Алма-Ата. Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 1658.



1. Бөбектер мен піл (жұмсақ заттардан жасалған ойыншық).



4. Кішкентай қыз (балшықтан жасалған қуыршақ).



2. Балшықтан жасалған бала бұрандалы мотоциклдің үстінде.



5. Өтеш (сабаннан өріліп жасалған).

